

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«Мәдениет және өнер» факультеті

«Мәдени және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы  
«Мәдени-тынығу және сахналық қызмет» кафедрасы



В092 - «Тынығу» білім беру бағдарламасы тобы  
бойынша талапкерлерге арналған  
шығармашылық емтихан  
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Құрастырғандар: Аға оқытушы  
PhD доктор

Қ.Е.Туреханов  
А.М.Кадыралиева

**Бағдарлама:** Кафедралар отырысында қаралды. Хаттама № 10 «26» 04.2023 ж.

Кафедра меңгерушілері \_\_\_\_\_ Қ.Е.Туреханов  
\_\_\_\_\_ А.М.Кадыралиева

**Бағдарлама:** «Мәдениет және өнер» факультетінің ӘК мәжілісінде қаралып,  
ұсынылды, Хаттама №10 «19» 05.2023 ж.

ӘК төрайымы \_\_\_\_\_ М.Н. Өмірбек

**Бағдарлама:** М.Әуезов атындағы ОҚУ оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде  
талқылынып, бекітілген.

№ 6 хаттама, « 23 » 05 2023ж.

ОӘК хатшысы



Т.С. Аубакирова

## **ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Шығармашылық емтиханның мақсаты – түлектердің шығармашылық қабілетін және шығармашылық бағыттағы В092–Тынығу білім беру бағдарламасы тобының шығармашылық даярлықты талап ететін мамандығына түсетін талапкерлер үшін дайындалды.

**Міндеттері:** Өтініш беруші жеке тұлғаны барлық жағынан анықтау: моральдық, шығармашылық, кәсіби деңгейін, шығармашылық қабілетін, қиялдың ұтқырлығы мен көркемділігін, ұсынылған мән–жайларда әрекет қабілеттілігін анықтау.

Шығармашылық емтихан М.Әуезов атындағы ОҚУ В092-Тынығу білім беру бағдарламасы тобы бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін талапкерге арналған.

## **Мазмұны**

### **Кіріспе**

Шығармашылық емтиханның мазмұны мен өткізу түрі аталмыш бағдарламаға сәйкес анықталды.

Емтихан тапсыру кезінде:

- Орындаушылық шеберлігін (әдеби жанрлардан үзінді, ән айту, би, музыкалық және пластикалық әрекеттер, ырғақ, музыкалық аспапта ойнау) көрсету керек.
- Ұйымдастыру – қойылым жұмысының негіздері (көпшілік қойылымдар мен мерекелерге талдау, жекелей және көпшілік этюдтар ұйымдастыру, мәдениет және өнер саласы бойынша түсінігі) көрсету керек.

### **1. Негізгі ережелер**

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына сәйкес дайындалды.

Шығармашылық емтихандар шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орындарына түсетін талапкер үшін білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

### **ЕСКЕРТУ**

- Емтиханға кешікпей уақтылы кіру;
- Талапкердің емтиханда өзінің отыруы тиіс;
- Берілген уақытты тиімді пайдалану керек.

### **2. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды**

1. Тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
2. Аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
3. Шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау;
4. Дәлелсіз себептермен шығармашылық емтиханға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.
5. Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
6. Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орындарының ғимаратында жүргізіледі.

### **3. Бірінші емтихан**

Бірінші шығармашылық емтихан талапкердің сахналық шеберлігін, музыкалық шығармашылық қабілетін, оның образды ой-өрісін ойлау деңгейін, шығармашылық фантазиясын, азаматтық көзқарасын анықтайды.

Талапкер орындаған әнінің шығу тарихын, композиторлардың музыкалық шығармашылығын, көркемдік бейнесін білу және т.б.

**3.1 Орындау шеберлігі** (әдеби жанрлардан үзінді, ән айту, би, музыкалық және пластикалық әрекеттер, ырғақ, музыкалық аспапта ойнау)

Орындаушылық шеберлік төмендегіні қамтиды:

- актерлік шеберлігін көрсету: тақпақ, проза, мысал басқа да шығарма түрлерін оқу.
- Басқа да жанрларда шығармашылық қабілетін көрсету: би, пантомимо, өлең, музыкалық аспаптарда ойнау, ән салу т.б.
- Музыкалық дыбысты қабылдауын, ритмиканы тексеру.
- Патриоттық, еркін тақырыпта 1 ән

#### **4. Екінші шығармашылық емтихан**

Ұйымдастыру – қойылым жұмысының негіздері (көпшілік қойылымдар мен мерекелерге талдау, жекелей және көпшілік этюдтар ұйымдастыру, мәдениет және өнер саласы бойынша түсінігі)

Төмендегіні қамтиды:

- мәдени-демалыс шарасының сценарийін немесе сценарийлік-режиссерлық жоспарын өңдеу және қорғау (мысалы: республика күні, қала күні, жаңа жыл, наурыз мейрамы және т.б.)
- Ұйымдастыру-шығармашылық бейімділігін анықтайтын топтық немесе жұптық этюдті дайындап көрсету (скетчтер, интермедиялар, алдын-ала дайындалған).

Бұлардан бөлек талапкер комиссияға өзінің шығармашылық мүмкіндігін, көркемдік талғамын, ойлау қабілетін көрсету үшін шығармашылық жұмыстарын ұсынады. (мысалы: өлеңдер, әңгімелер, мақалалар, көркемдік эскиздер мен жұмыстар, өзі шығарған әндер және т.б.)

- Ұйымдастыру-шығармашылық бейімділігін анықтайтын топтық немесе жұптық этюдті дайындап көрсету (скетчтер, интермедиялар, алдын-ала дайындалған).

#### **4.1 Үлгі ретінде этюдтер тақырыбы**

- |                           |                               |
|---------------------------|-------------------------------|
| 1. Үзілістегі бір уақиға; | 11. Кездейсоқ хат;            |
| 2. Директорға шақыру;     | 12. Ойыннан от шықты;         |
| 3. Автобуста;             | 13. Кездесу;                  |
| 4. Ән айтқым келеді;      | 14. Айрылысу;                 |
| 5. Оқығым келмейді;       | 15. Күлкіні тыя алмай қалдық; |
| 6. Күзгі бақ;             | 16. Барлығы артта;            |
| 7. Кездесу;               | 17. Әңгіме мынад;             |
| 8. Қиын емтихан;          | 18. Ауылда;                   |
| 9. Күтпеген едік;         | 19. Суға кеткенді қорғайтын;  |
| 10. Туылған күн;          | 20. Мен мақтанамын.           |

#### **4.2 B092 «Тынығу» оқу бағдарламалары топтамасы бойынша талапкерлерге берілетін қосымша сұрақтар:**

1. Адам өмірінде мәдениеттің алатын орны.
  2. Ұлттық ойындардың қандайын білесіз?
  3. Наурыз не үшін тойланады?
  4. Тынығу жұмысы қажет пе?
  5. Қазақстанда қандай композиторларды білесің?
  6. Балалар мен ересектер арасындағы демалыста айырмашылық бар ма?
  7. Демалу дегенді қалай түсінесің?
  8. Адамдар өмірінде әдет-ғұрып қандай орын алады?
  9. Халық шығармашылығы дегеніміз не?
  10. Режиссер қандай болуы тиісті?
  11. Қалыптасқан мәдениеттің қандай формаларын білесің?
- Талапкерге шығармашылық емтихан тапсыру барысында орындалған практикалық жұмысқа қойылатын бағалану критериялары жинаған балл арқылы төрт деңгейде қойылады:

#### **4.3 Кәсіби жарамдылығын айқындау үшін әнгімелему келесі критерилер бойынша бағаланады:**

##### **1-ші емтиханнан**

##### **I. Жоғары деңгей-45-тен 35 балға дейін - «өте жақсы»**

1. Прозадан үзіндіні шынайы жеткізе орындау
2. Поэзия мақсатын жоғары деңгейде жеткізу
3. Әзіл - сықақ сатира жанрын толық ашып жеткізу.
4. Жоғары деңгейде музыкалық есту, ән салу.
5. Этюдті жоғары деңгейде сахналық ұйымдастыру.
6. Музыкалық сауаттылығы өте жоғары.

##### **II. Жеткілікті деңгей – 34 –тен-21 балға дейін – «жақсы»**

1. Прозадан үзіндіні жеткілікті орындау.
2. Поэзия мақсатын жеткізе білу.
3. Әзіл - сықақ, сатира жанрын ашу.
4. Жеткілікті деңгейде музыкалық сауаттылығы, ән салу.
5. Этюдті жақсы ұйымдастыра білу.
6. Музыкалық сауаттылығы жеткілікті

##### **III. Орташа деңгей -20-тен- 5 балға дейін «қанағаттанарлық»**

1. Прозадан үзіндіні орташа деңгейде орындау.
2. Поэзияны толық аша алмау.
3. Әзіл - сықақ, сатира жанры көмескілеу.
4. Ән салу қабілеті төмендеу.
5. Этюдті ұйымдастыру мағынасы төмен.
6. Музыкалық түсінігі бар.

#### **IV. Төменгі деңгей - 4 - 0 балға дейін «қанағаттанарлықсыз»**

1. Прозаны орындай алмау.
2. Поэзия жанрын түсінбеу.
3. Әзіл - сықақ, сатира жанрын жалпы аша алмау.
4. Тындау, есту, ән салу қабілеті жоқ.
5. Сахналық этюд қойылымынан бейхабар.
6. Музыкалық және есту қабілетті өте төмен.

#### **2-ші емтиханнан**

##### **I. Жоғары деңгей-45-тен 35 балға дейін - «өте жақсы»**

1. Сценарий құрастыру шеберлігі жоғары
2. Тақырып таңдауда ой ұшқырлығы жоғары
3. Идеяны жоғары деңгейде аша біледі.
4. Қойылымды музыка, дыбыспен, жарықпен өте жақсы көркемдейді.
5. Орындаушыларды таңдау, іріктеу қабілеті жоғары.

##### **II. Жеткілікті деңгей – 34 –тен-21 балға дейін – «жақсы»**

1. Сценарий құрастыру шеберлігі жақсы
2. Тақырып таңдауда ой ұшқырлығы жақсы
3. Идеяны аша біледі.
4. Қойылымды музыка, дыбыспен, жарықпен жақсы көркемдейді.
5. Орындаушыларды таңдау, іріктеу қабілеті бар.

##### **III. Орташа деңгей -20-тен-5 балға дейін «қанағаттанарлық»**

1. Сценарий құрастыру шеберлігі орташа
2. Тақырып таңдауда ой ұшқырлығы орташа
3. Идеяны орташа деңгейде аша біледі.
4. Қойылымды музыка, дыбыспен, жарықпен көркемдеуден хабары бар.
5. Орындаушыларды таңдау, іріктеу қабілеті орташа.

##### **IV. Төменгі деңгей - 4 тен -0 балға дейін «қанағаттанарлықсыз»**

1. Сценарий құрастырудан хабары жоқ.
2. Тақырып таңдау қабілеті жоқ.
3. Идеяны аша алмайды.
4. Қойылымды музыка, дыбыспен, жарықпен көркемдеуден хабары жоқ.
5. Орындаушыларды таңдау, іріктеу қабілеті төмен.

**Қысқартылған білім бағдарламасы бойынша оқуға түсушілерге арналған:**

**Шығармашылық емтихан - Орындаушылық шеберлігі 20 балл болу керек.**

**Орындаушылық шеберлік төмендегіні қамтиды:**

- Актерлік шеберлігін көрсету: тақпақ, проза, мысал басқа да шығарма түрлерін оқу.

- Басқа да жанрларда шығармашылық қабілетін көрсету: би, пантомимо, өлең, музыкалық аспаптарда ойнау, ән салу т.б.
- Музыкалық дыбысты қабылдауын, ритмиканы тексеру.

Бірінші шығармашылық емтихан талапкердің музыкалық шығармашылық қабілетін, оның образды ой-өрісін ойлау деңгейін, шығармашылық фантазиясын, азаматтық көзқарасын анықтайды.

#### **Жоғары деңгей- 15-тен- 20 балға дейін - «өте жақсы»**

1. Прозадан үзіндіні шынайы жеткізе орындау
2. Поэзия мақсатын жоғары деңгейде жеткізу
3. Әзіл - сықақ сатира жанрын толық ашып жеткізу.
4. Жоғары деңгейде музыкалық есту, ән салу.
5. Этюдті жоғары деңгейде сахналық ұйымдастыру.
6. Музыкалық сауаттылығы өте жоғары.

#### **II. Жеткілікті деңгей – 11 –ден -14 балға дейін – «жақсы»**

1. Прозадан үзіндіні жеткілікті орындау.
2. Поэзия мақсатын жеткізе білу.
3. Әзіл - сықақ, сатира жанрын ашу.
4. Жеткілікті деңгейде музыкалық сауаттылығы, ән салу.
5. Этюдті жақсы ұйымдастыра білу.
6. Музыкалық сауаттылығы жеткілікті

#### **III. Орташа деңгей -4-тен 10 балға дейін «қанағаттанарлық»**

1. Прозадан үзіндіні орташа деңгейде орындау.
2. Поэзияны толық аша алмау.
3. Әзіл - сықақ, сатира жанры көмескілеу.
4. Ән салу қабілеті төмендеу.
5. Этюдті ұйымдастыру мағынасы төмен.
6. Музыкалық түсінігі бар.

#### **IV. Төменгі деңгей - 0-ден-4 балға дейін «қанағаттанарлықсыз»**

1. Прозаны орындай алмау.
2. Поэзия жанрын түсінбеу.
3. Әзіл - сықақ, сатира жанрын жалпы аша алмау.
4. Тыңдау, есту, ән салу қабілеті жоқ.
5. Сахналық этюд қойылымынан бейхабар.
6. Музыкалық және есту қабілетті өте төмен



## Әдебиеттер:

### Негізгі:

1. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы, 2017.-125б.
2. Генкин Д.Н. Массовые праздники. М.;, 2017.-125с
3. Захава Б.Е.Мастерство актера и режиссера. - М.: Лира,2015-125с.
4. Жандарбеков Театр ұжымын басқару және оның режисурасы оқу құралы, 2013.-125б.
5. Ремез О.Я. Мастерство режиссера. Пространство и время спектакля. - М.: Лира,2015-125с.
6. Учебное пособие для студентов театральных вузов и институтов культуры - М., 2003.-125с.
7. Рехельс М. Л. Режиссер - автор спектакля. - Спб., 2009. -125с.
8. Корогодский И.Я. Режиссер и актер. М.Сов.Россия. 2008.- 105с.
9. Крымова Н.А. Станиславский режиссер. – М.Искусство, 1991.-166 с.
- 10.Құндақбаев Б. Путь театра. Алма-ата Жалын, 2006.- 85 с.
- 11.Петров Б.Н. Основы режиссуры спортивно – массовых представлений. Л.: 1982.-200с.
- 12.Попов А.Д. О художественной целостности спектакля. – М. Искусство, 1973.-205с.
- 13.Туманов И.Н. Режиссура театрализованного концерта и массового праздника. М.;1976.-130с.
- 14.Токпанов А. 26.Бүгінгі күнге дейін. - Алматы, 2006.-125с.
- 15.Токпанов А. Іңкәр дүние. - Алматы, 1991.-200б.
- 16.Татубаев С.С. Жесты как компонент искусства - Алма-Ата: Казахстан,1999.- 200с.
- 17.Сарсенбаев Г. Традиции, обряды, обычаи. Алматы, 2007.-130б.
- 18.Сапарова Ю.А., Ормолдаева М Шоу бағдарламаларды ұйымдастыру Шымкент 2015.-115с.
- 19.Чечетин А.И.Основы драматургии театрализованных представлений./М.: 1980.-125с
- 20.Шароев И.Г. Режиссура массового действия. Алматы, 2007.-125с.